

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ

ПІКІРІ

Дипломның мода

(жұмыс түрін атуы)

Серикпаева Аясулы Серикаевна

(білім алушының аты-жөні)

6307302- Құрмыс инженериясы

(мамандық атауы және шифр)

Такырып:

Аясулы Серикаевна Мамырзу сүйен  
сүйен мабдәулет

Дипломның модада еңсз менеме  
қашетті маман сағастың және тәжікәк  
сәу шығарығын анықтайтан.

Дипломның модаға масау барысында  
қашетті эфебеттер, анықтамалар қолдануы.  
Дипломның мода мағына шотары  
орындағы мағалат.

Дипломның мода қашетерінен берілген  
тәжікәк сағастың және тәжікәк қолында  
орындағы.

Диплом мода аясулы Серикпаева А  
6307302- Құрмыс инженериясы білім беру  
бағдарламасы бойынша бағалар әрменен  
алуы ләйтін гла смен.

Дипломның мода 90 балла бағаланады.

Ғылыми жетекші

Т.З.К. проф. Халқабат Б

(қолы)

«18» 05 2024 ж.

**СЫН-ПІКІР**

Дипломдық жұмыс  
(жұмыс түрінің атауы)

Серікпаева Айсұлу Серікқыз  
(білім/алушының аты-жөні)

8807302 - "Құрылыс инженері" мамандығы  
(БББ атауы және шифрі)

Тақырыбы: Аяғаз ауданындағы Машиноу ауылының сумен қамтамасыз ету

Орындалды:

- а) сызба материалдары 6 бет
- б) түсініктемелік жазба 36 бет

**ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР**

Дипломдық жұмыс берілген тапсырма бойынша Аяғаз ауданындағы Машиноу ауылының сумен қамтамасыз ету

Сондай-ақ дипломдық жұмыста сумен қамтамасыз ету мәселесіне есептілік, мақсаттарды және тапсырмаларды қамтамасыз ету жөніндегі ұсыныстар айқарылып, олардың тиімділігі мен тиімділігі тексеріліп, шешімдері берілген тапсырмаға тиісінше сәйкес келеді.

**Жұмысты бағалау**

Серікпаева Айсұлу орындаған дипломдық жұмыс қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. 80 (Жақсы) бағаға лайықты.

**Сын-пікір беруші**

М.З.К. Қасымов  
(лауазымы, ғылыми дәрежесі, атағы)

(қолы)

Тайышев А.Н.  
(аты-жөні)

« 31 » 05 2024 ж.

## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Серікпаева А

**Соавтор (если имеется):**

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** 2024 тусіндірмелік хат Серікпаева А

**Научный руководитель:** Бостандык Халхабай

**Коэффициент Подобия 1:** 4

**Коэффициент Подобия 2:** 0.4

**Микропробелы:** 0

**Знаки из других алфавитов:** 156

**Интервалы:** 0

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 30.05.24м

Заведующий кафедрой





**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті  
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагнаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

**Автор: Серікпаева А**

**Тақырыбы: 2024 түсіндірмелік хат Серікпаева А**

**Жетекшісі: Бостандық Халхабай**

**1-ұқсастық коэффициенті (30): 4**

**2-ұқсастық коэффициенті (5): 0.4**

**Дәйексөз (35): 0.5**

**Әріптерді ауыстыру: 156**

**Аралықтар: 0**

**Шағын кеңістіктер: 0**

**Ақ белгілер: 0**

**Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :**

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

**Негіздеме:**

Күні 30.05.24 м

Кафедра меңгерушісі



## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Серікпаева А

**Соавтор (если имеется):** .

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** 2024 тусіндірмелік хат Серікпаева А

**Научный руководитель:** Бостандык Халхабай

**Коэффициент Подобия 1:** 4

**Коэффициент Подобия 2:** 0.4

**Микропробелы:** 0

**Знаки из других алфавитов:** 156

**Интервалы:** 0

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 30.05.2024г

проверяющий эксперт

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ**

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Серікпаева Айсұлу Серікқызы

Аягөз ауданындағы Мамырсу ауылын сумен жабдықтау

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

6В07302 – «Құрылыс инженериясы»

Алматы 2024

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

ҚОРҒАУТА ЖІБЕРІЛДІ  
Инж.қ. кафедр. меңгерушісі  
техн. ғыл. канд. қауым. проф.  
 Алимова К. К.  
«27» 05 2024ж.

Дипломдық жобаға  
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Тақырыбы: «Аягөз ауданындағы Мамырсу ауылын сумен жабдықтау»


6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

Орындаған




Серікпаева А.С.

Рецензент

т.ғ. ғыл. канд. профессор  
 Каймов А. Н.  
«31» 05 2024 ж.

Жетекші

техн. ғыл. канд., профессор

 Халхабай Б.

«28» 05 2024 ж.

Алматы 2024



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Т.Қ.Басенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

6B07302 – «Құрылыс инженериясы»

БЕКІТЕМІН

ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі

тех. ғал. канд. қауым. проф.

Алимова К. К.

«22» 01 2024ж.

Дипломдық жобаны орындауға арналған  
ТАПСЫРМА

Білім алушы Серікпаева Айсұлу Серікқызы

Тақырыбы: «Аягөз ауданындағы Мамырсу ауылын сумен жабдықтау»

Академиялық мәселелер жөніндегі проректорының 2023 жылғы «4» желтоқсан №548-П/Ө  
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі:

2024 жылғы «30» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы деректері: Сумен жабдықтау объектісі болып Мамырсу елді мекені, оның геологиялық және гидрологиялық мағлұматтары

Дипломдық жобада әзірлеуге жататын мәселелер тізімі:

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс өндірісінің технологиясы;

в) Экономикалық бөлім;

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбаларды дәл көрсете отырып):

1) Мамырсу елді мекенінің бас жоспары; 2) Пьезометрлік сызықтар, бойлық профиль В1;

3) Құдықтарды бөлшектермен жабдықтау; 4) Ұңғыма және арынды су мұнара багінің сұлбасы, спецификация; 5) Технологиялық құрылғыларды және құбырларды орналастыру жоспары. 6) Құрылыс жұмыстарының технологиялық картасы.


Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 10 атаулардан




Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	20.02.2024 – 01.04.2024	орындалды
Құрылыс өндірісінің технологиясы	01.04.2024 – 20.04.2024	орындалды
Экономикалық бөлім	20.04.2024 – 30.04.2024	орындалды

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жобасын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған қолдары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Құрылыс өндірісінің технологиясы	Б.Халхабай техн.ғыл.канд., профессор	19.04.2024	
Экономикалық бөлім	Б.Халхабай техн.ғыл.канд., профессор	30.04.2024	
Норма бақылаушы	А.Н. Хойшиев техн.ғыл.канд., қауым. проф	24.05.2024	

Жетекші

 Халхабай Б.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды

 Серікпаева А.С.

Күні

«23» 01 2024ж.

## КІРІСПЕ

Еліміздегі елді мекендерді сапалы ауыз суымен қамту алда тұрған басты мәселердің бірі. Ауылдық жерлердің сумен қамтамсыз етілуі төмен көрсеткіштерге ие. Сумен жабдықтау адамдардың өмір сүру жағдайларын жоғарлатып, денсаулықтарына жақсы әсер етеді. Ауылдық жерлердің көбінде тұрғындар құдықтардан сапасы төмен суларды пайдаланады, және олардың сапасына көп көңіл бөлінбей отыр, оның барлығы адамдардың денсаулығына үлкен зиян келтіруде. Сонымен қатар сумен жабдықтау ол тек ауыз су мәселелерінде ғана емес, ауыл шаруашылықтарындағы жұмыстарды сумен қамтамасыз ету. Солайша елді мекеннің экономикалық сонымен қатар басқа да көрсеткіштерді көтере алатынымыз анық, сондай ақ өрт кезінде көмегін тигізе алатындай қорларды жасау.

Сондықтан мүмкіндігінше ауылдық жерлерді сапалы ауыз суымен қамтамасыз ету көптеген мемлекеттік бағдарламаларда қамтылған. Осы бағдарламаларды ескере отырып, дипломдық жобада Мамырсу ауылын сумен қамту жобасы қарастырылған. Ауылды қажетті мөлшердегі, қажетті сападағы ауыз суымен қамтамсыз ету үшін жер асты су көзін пайдалану және орталықтандырылған сумен қамту жүйесі ұсынылған. Сонымен қатар техникалар мен машиналарды қолдану арқылы құрылыс жұмыстарын жүргіземіз. Осындай жұмыстар сумен жабдықтау кезінде маңызды, себебі бұл жұмыстардың толықтай қамтылуы жұмыстың жылдам әрі сапалы болуына толықтай әсер етеді.

## 1 Негізгі бөлім

### 1.1 Мамырсу ауылының сипаттамасы

Мамырсу ауылы бұрынғы Шығыс Қазақстан, қазіргі Абай облысына қарасты Аягөз ауданында орналасқан ауыл. 2007 жылға дейін Сергиополь ауылдық округі деп аталып, 29 маусым күні облыстық маслихаттың шешімі бойынша Мамырсу ауылы болып тіркелген. Мамырсу ауылы аудан орталығы Аягөз қаласынан батысқа қарай 2 км жерде орналасқан, ал облыс орталығы Семей қаласынан 312 км жерде Балқаш өзеніне құятын Аягөз өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Ауылдағы тұрғындар саны 2500 адамды құрайды. Ауыл 1832 жылы құрылған. Жалпы округ ауданы 186880 га. Әкімшілік құрамына 3 ауыл кіреді, олар:

- Мамырсу;
- Батпақ;
- Бозай.

Рельефі жазық қыратты, шөлейтті, өсімдік қабаты – селеу, жусан, әртүрлі бұталар.

Мамырсуда көптеген шаруа қожалықтары, негізінен мал шаруашылығына бағытталған ауылшаруашылық мекемелері, мәдениет үйі, мектеп, медициналық пункт орналасқан.

Қазіргі тұрғын үй қоры бір қабатты үйлерден тұрады.

### 1.2 Мамырсу ауылы бойынша есептік шығындарды анықтау

#### 1.2.1 Ауылдың шаруашылық - ауыз суы шығынын анықтау

Елді мекендердегі шаруашылық-ауыз су тұтыну мөлшерлері (нормалары) үйлердің жайластырушылық дәрежесіне байланысты қабылданады. ҚР ҚНЖЕ 4.01-02-2012 [1] кесте 5.1 сәйкес бір адамға есептелен тәуліктік су тұтыну нормасын  $n=150$  (л/тәу) - ге тең қабылдаймыз.

Судың есептік (орташа) тәуліктік шығыны төмендегі формула бойынша анықталады:

$$Q_{\text{орт тәу}} = \frac{(n \cdot N)}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (1)$$

$$Q_{\text{орт тәу}} = \frac{(150 \cdot 2500)}{1000} = 375 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

мұндағы  $N$  – ауылдағы халық саны.

Судың максималды және минималды тәуліктік шығындарын келесі формулалармен анықтаймыз:



$$Q_{\max \text{ тәу}} = K_{\max \text{ тәу}} \cdot Q_{\text{рт тәу}}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (2)$$

$$Q_{\max \text{ тәу}} = 1,1 \cdot 375 = 412,5 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

$$Q_{\min \text{ тәу}} = K_{\min \text{ тәу}} \cdot Q_{\text{рт тәу}}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (3)$$

$$Q_{\min \text{ тәу}} = 0,7 \cdot 375 = 262,5 \text{ м}^3/\text{тәу},$$

мұндағы  $K_{\max \text{ тәу}}$ ,  $K_{\min \text{ тәу}}$  – су тұтынудың максималды және минималды тәуліктік біркелкісіздік коэффициенттері [1] 5.3 бойынша қабылданады.

$$Q_{\max \text{ сағ}} = K_{\text{сағ}} \cdot Q_{\text{тәу}}/24, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (4)$$

$$Q_{\max \text{ сағ}} = 1,92 \cdot 412,5 / 24 = 33 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$Q_{\min \text{ сағ}} = K_{\text{сағ}} \cdot Q_{\text{тәу}}/24, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (5)$$

$$Q_{\min \text{ сағ}} = 0,004 \cdot 262,5 / 24 = 0,44 \text{ м}^3/\text{сағ},$$

$$K_{\max \text{ сағ}} = \alpha_{\max} \beta_{\max}, \quad (6)$$

$$K_{\max \text{ сағ}} = 1,2 \cdot 1,6 = 1,92,$$

$$K_{\min \text{ сағ}} = \alpha_{\min} \beta_{\min}, \quad (7)$$

$$K_{\min \text{ сағ}} = 0,4 \cdot 0,1 = 0,04,$$

мұндағы  $\alpha$  – үймереттің жайластырушылық дәрежесін, кәсіпорындардың жұмыс режимін және басқа да жағдайларды ескеретін коэффициент;

$\beta$  – тұрғындарының санын ескеретін коэффициент [1] кесте 5.2 бойынша қабылданады.

Секундтық шығындар келесі (8) және (9) өрнектермен анықталады:

$$q_{\max.с} = \frac{Q_{\text{сағ}}}{3,6}, \text{ л/сек}, \quad (8)$$

$$q_{\max.с} = \frac{33}{3,6} = 9,16 \text{ л/сек},$$

$$q_{\min.с} = \frac{Q_{\text{сағ}}}{3,6}, \text{ л/сек}, \quad (9)$$

$$q_{\min.с} = \frac{0,44}{3,6} = 0,12 \text{ л/сек}.$$

## Кесте-1 – Ауыл бойынша шаруашылық – ауыз су шығындары

n л/тәу адам	Коэффициенты				Су шығыны						
	K <sub>max</sub> тәу	α <sub>max</sub>	β <sub>max</sub>	K <sub>сағmax</sub>	Q <sub>тәу,рт</sub> , м <sup>3</sup> /тәу	Q <sub>тәу,max</sub> , м <sup>3</sup> /тәу	Q <sub>тәу,min</sub> , м <sup>3</sup> /тәу	Q <sub>сағ max</sub> , м <sup>3</sup> /сағ	Q <sub>сағ min</sub> , м <sup>3</sup> /сағ	q <sub>c max</sub> л/с	Q <sub>c min</sub> , л/с
	K <sub>min</sub> тәу	α <sub>min</sub>	β <sub>min</sub>	K <sub>сағmi</sub>							
150	1,1	1,2	1,6	1,92	375	412,5	262,5	33	0,44	9,16	0,1 2
	0,7	0,4	0,1	0,04							

### 1.2.2 Суаруға кететін есептік су шығындарын анықтау

Бұл жобада суарылатын алаңдар ауданы бойынша мәліметтер жоқ болғандықтан суаруға қажетті су шығынын төмендегі формула бойынша анықтаймыз:

$$Q_{\text{суару}} = \frac{N \cdot q_c}{1000}, \text{ м}^3/\text{тәу}, \quad (10)$$

мұндағы N – тұрғындар саны;

q<sub>c</sub> – бір адамға есептегенде суаруға кететін орташа тәуліктік меншікті шығын (40-70 л/тәу). Бір адамға тәулігіне 50 литр деп қабылданды.

$$Q_{\text{суару}} = \frac{2500 \cdot 50}{1000} = 125 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

Суару уақыты 8 сағатқа тең деп қабылданған.

### 1.2.3 Ескерілмеген шығындарды анықтау

Ескерілмеген шығындарды анықтауда елді мекеннің шаруашылық – ауыз су шығынынан 10-20% алуға рұқсат етіледі. Біздің жағдайымызда 10 пайыз қабылданған.

$$Q_{\text{е.ш.}} = (10-20\%) \cdot Q_{\text{тәу,max}}, \quad (11)$$

$$Q_{\text{е.ш.}} = (10\%) \cdot Q_{\text{тәу,max}} = 0,1 \cdot 412,5 = 41,25 \text{ м}^3/\text{тәу}.$$

$Q_{e.ш}$  тәулік сағаттарына елді мекен бойынша шаруашылық ауыз су шығынына анықталған сағаттық біркелкісіздік коэффициент бойынша таратылады.

### 1.2.4 Елді мекендегі мал шаруашылығына жұмсалатын есептік шығындарды анықтау

Елді мекендегі мал шаруашылығына жұмсалатын есептік шығын келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{ж} = \frac{\sum N_{ж} q_{ж}}{1000}, \quad (1.11)$$

мұндағы  $N_{ж}$  - жануарлар саны;

$q_{ж}$  - малдың бір басына есептелген су тұтыну мөлшері /л/ бойынша қабылданады.


Есептеулер үшін шартты түрде малдың саны төмендегідей қабылданған.

Кесте 2 – Мал шаруашылығына жұмсалатын есептік су шығыны

Мал шаруашылығы атауы	Саны	Мөлшерленген су мөлшері, л/тәу	Су шығыны, м <sup>3</sup> /тәу
Сиыр	1400	100	140
Жылқы	140	60	8,4
Қой	1210	10	12,1
Тауық	14000	1	14
Барлығы			174,5

Тәулік сағат бойынша жалпы су шығынының таратылуы 2- кестеде берілген.

Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне судың ең максималды тәуліктік шығындарын тәулік сағаты бойынша тарату ең үлкен сағаттық біркелкісіздік коэффициентіне ( $K_{сағ.маx}$ ) байланысты жүргізіледі.



1-сурет – Тәулік сағаты бойынша су шығынының таратылуының графигі



Кесте 3 – Тәулік сағат бойынша жалпы су шығынының таратылуы

Тәулік сағат	Тұрғындар бойынша шаруашылық-ауыз су шығыны		Ескерілмеген шығындар	Суғаруға кететін шығын	Елді мекендегі мал шаруашылығына жұмсалатын шығын	Жалпы шығын	
	%	м³/сағ	м³/сағ	м³/сағ		%	м³/сағ
0-1	0,85	3,51	0,351	15,625		2,59	19,486
1-2	0,85	3,51	0,351	15,625		2,59	19,486
2-3	0,85	3,51	0,351	15,625		2,59	19,486
3-4	1	4,13	0,413	15,625		2,67	20,168
4-5	2,7	11,14	1,114	15,625		3,70	27,879
5-6	4,7	19,38	1,938	-		2,83	21,318
6-7	5,35	22,07	2,207	-	24,93	6,53	49,207
7-8	5,85	24,13	2,413	-	24,93	6,83	51,473
8-9	4,5	18,56	1,856	-	24,93	6,02	45,346
9-10	4,2	17,32	1,732	-		2,53	19,052
10-11	5,5	22,69	2,269	-		3,31	24,959
11-12	7,5	30,94	3,094	-		4,52	34,034
12-13	7,9	32,59	3,259	-		4,76	35,849
13-14	6,35	26,19	2,619	-	24,93	7,13	53,739
14-15	5,2	21,45	2,145	-		3,13	23,595
15-16	4,8	19,8	1,98	-		2,90	21,780
16-17	4	16,5	1,65	-	24,93	5,71	43,08
17-18	4,5	18,56	1,856	-	24,93	6,03	45,346
18-19	6,2	25,58	2,558	-	24,93	7,04	53,068
19-20	5,7	23,51	2,351	-		3,43	25,861
20-21	5,5	22,69	2,269	-		3,31	24,959
21-22	3	12,38	1,238	15,625		3,88	29,243
22-23	2	8,25	0,825	15,625		3,28	24,70
23-24	1	4,13	0,413	15,625		2,68	20,168
Барлығы	100	412,5	41,25	125	174,51	100	753,292

### 1.3 Реттелетін сыйымдылықтардың көлемін анықтау және екінші көтеру сорап станциясының сорап санын анықтау

#### 1.3.1 Арынды су мұнара багінің көлемін анықтау

Арынды су мұнараның багінің толық көлемі реттеуші және өртке қарсы су қорларының қосындысынан тұрады.

$$W_{\text{тл}} = W_{\text{рет}} + W_{\text{өрт}}, \text{ м}^3, \quad (12)$$

$$W_{\text{тл}} = 74,19 + 4,5 = 78,69 \text{ м}^3.$$

Есептеу кесте түрінде жүргізілген және нәтижелері қосымша А.1-кестеде берілген.

Екінші көтеру сорап станциясындағы сораптар 23 сағат жұмыс істейді, бұл ретте оның өнімділігі  $32,69 \text{ м}^3/\text{сағ}$  құрайды, бұл ең жоғары тәуліктік шығынның  $4,34 \%$  құрайды.

Арынды мұнара багінің реттеуші сыйымдылығын төмендегі формула бойынша анықтаймыз:  $Q_{\text{қал}}$

$$W_{\text{рет}} = \frac{A \cdot \Sigma Q_{\text{қал}}}{100\%}, \text{ м}^3, \quad (13)$$

мұндағы  $\Sigma Q_{\text{қал}}$  – жалпы қала бойынша ең үлкен (максималды) тәуліктік су шығыны,  $\text{м}^3/\text{тәу}$ ;

$A\%$ -бактегі ең үлкен қалдық мәні.

$$W_{\text{рет}} = \frac{9,85 \cdot 753,292}{100} = 7419 \text{ м}^3.$$

Мұнара бағындағы өртке қарсы 10 минуттық су қоры  $W_{\text{өрт}}$ ,  $\text{м}^3$  келесі өрнекпен анықталады;

$$W_{\text{өрт}} = \frac{(q_c + q_i) \cdot 10 \cdot 60}{1000}, \text{ м}^3, \quad (14)$$

мұндағы  $q_c$  – сыртқы өртті өшіруге арналған есептік шығындар,  $\text{л}/\text{с}$ ;  
 $q_i$  – ішкі өртті сөндіруге арналған есептік шығындар,  $\text{л}/\text{с}$

$$W_{\text{өрт}} = \frac{(5 + 2,5) \cdot 10 \cdot 60}{1000} = 4,5 \text{ м}^3.$$

Арынды су мұнара бағының толық сыйымдылығы  $W_{\text{тл}} = 100 \text{ м}^3$

### 1.3.2 Таза су резервуарының көлемін анықтау

Таза су резервуарының көлемі  $W$ , м<sup>3</sup> су жинау көлемі, өртке қарсы су шығынын сақтайтын көлем және тазалау ғимараттарының өзіндік қажеттіліктеріне кететін көлемдердің қосындысынан тұрады.

$$W=W_{\text{рет}}+W_{\text{өрт}}+W_{\text{ө.к.}}, \quad (15)$$

Есептеу А.2 – кестеде жүргізілген, қосымшада көрсетілген.

ТСР реттеуші сыйымдылығын I және II көтеру сорғы бекеттерінің біріктірілген сатылы немесе графиктері арқылы анықтайды.

$$W_{\text{рет}} = \frac{B\% \Sigma Q_{\text{қал}}}{100\%}, \text{ м}^3, \quad (16)$$

мұндағы B % - 4 кесте 7 графадағы қалдықтың максималды мәні

$$W_{\text{рет}} = \frac{4,16 \cdot 753,292}{100\%} = 31,33 \text{ м}^3,$$

Өртке қарсы су шығыны үш сағатқа есептеледі

$$W_{\text{өрт}} = \frac{3(n_c \cdot q_c + n_i \cdot q_i) \cdot 3600}{1000} + \Sigma W_{\text{шар}} - 3Q_l, \text{ м}^3, \quad (17)$$

$$W_{\text{өрт}} = \frac{3 \cdot 7,5}{1000} + 48,67 - 3 \cdot 31,41 = 94,23 \text{ м}^3,$$

$$Q_l = 4,17 \cdot 753,292 / 100 = 31,41,$$

$$W_{\text{ө.к.}} = 0,03 \cdot 753,292 = 22,6 \text{ м}^3,$$

$$W = W_{\text{рет}} + W_{\text{өрт}} + W_{\text{ө.к.}}, \text{ м}^3, \quad (18)$$

$$W = 31,33 + 94,23 + 22,6 = 148,16 \text{ м}^3,$$

мұндағы  $n_c$ ,  $n_i$ ,  $g_c$ ,  $g_i$  – бір уақытта болатын сыртқы және ішкі өрт сандары және бір өртті сөндіруге кететін су шығыны;

$W_{\text{шар}}$  – ең үлкен үш сағаттық шаруашылық су қоры;

$W_{\text{ө.к.}}$  – өзіндік мұқтаждықтарға жұсалатын су көлемі, жуу суын қайта пайдаланған кезде тазарту станцияларында тәуліктегі максималды су тұтыну ( $\Sigma q_{\text{қал}}$ ) шығынының (3+4) % ретінде қабылданаған.

Көлемі 100 м<sup>3</sup> екі типтік резервуар қабылданады.



## 1.4 Айналмалы су құбыр желісін және су тартушы желілерді орналастыру. Желіні гидравликалық есепке дайындау.

### 1.4.1 Су өткізуші құбырларды тарату

Жобаланатын су өткізуші желілер және құбырлар тұтынушыларға желінің кез келген жұмыс жағдайында қажетті мөлшерде, қажетті арынмен жеткізуді қамтамасыз ету керек.

Су құбыр желілерін түйіндермен шектелген есептік участкелерге бөледі.

Түйіндер магистраль құбырлардың су өткізуші желілермен қосылған орындарында және арынды су мұнарасының және шоғырланған шығындардың жалғанған жерлеріне белгіленеді.

Түйіндердің аралығы 200 метрден 800 м аралығында болу керек, транзит емес магистраль құбырлар үшін 1000-1200 метрге дейін рұқсат етіледі. су өткізуші құбыр ұзындығы 1000 метрден артық болған кезде, қосымша түйін қойылып, ұзындығы бойынша осы құбырды мөлшермен бірдей екі учаскеге бөледі.

### 1.4.2 Желіні гидравликалық есепке дайындау

Ауылдың бас жоспар масштабына сәйкес әр есептік учаскенің ұзындығы анықталып, оның жалпы қосындысы анықталады.

$$\Sigma l = 40134 \text{ м ,}$$

Содан кейін меншікті шығын ең үлкен су тұтыну және транзит жағдайларына төмендегі формула бойынша есептеледі:

$$Q_{\text{мен}} = \frac{\Sigma q_c}{\Sigma l} ,$$

Максималды су тұтыну сағаты үшін:

$$Q_{\text{мен. макс.}} = \frac{53,739}{40134} \cdot 3,6 = 0,000372 \text{ л/с .,}$$

Транзит сағаты үшін:

$$Q_{\text{мен. транзит}} = \frac{19,052}{40134} \cdot 3,6 = 0,000135 \text{ л/с.,}$$

мұндағы  $\Sigma q_a$  – ауыл бойынша су шығындарының қосындысы (шаруашылық-ауыз су, ескерілмеген шығын, суару шығыны, мал шаруашылығының шығыны) сипатты есептік жағдай үшін, л/с;

Жол-жөнекей шығын желі учаскесінен берілетін жалпы су шығыны ( $Q_{ж}$ ) есептік жағдайлар үшін (максималды су тұтыну, максималды транзит) желінің жеке учаскелері бойынша төмендегі формула бойынша анықталады:

$$Q_{ж} = q_{мен} \cdot l, \text{ л/с}, \quad (20)$$

мұндағы  $l$  – желі учаскесінің ұзындығы, (м), жоғарыда атап айтылған талаптар бойынша анықталған.

Түйін шығын осы түйінге қосылатын учаскелердегі жол-жөнекей шығындар қосындысының жартысына тең болады:

$$q_{түй} = 0,5 \cdot \Sigma Q_{ж}, \text{ л/с}, \quad (21)$$

Осылайша жол жөнекей шығындардың түйін шығындарға айырбасталуы жүргізіледі. Мұндай айырбастау нәтижесінде, бірақалыпты таратылу кезінде желінің есептік учаскелеріндегі есептік шығындар өзгермейді. Және де келесі тексеру орындалу қажет:

$$\Sigma q_{түй} = \Sigma Q_{ж}. \quad (22)$$

Барлық есептеулер А.3, А.4, А.5, А.6 кесте түрінде қосымшада рәсімделеді. Меншікті, жол-жөнекей және түйін шығындар барлық есептік жағдайлар үшін есептеледі.

Су өткізуші желідегі су тұтыну және су беру тепе-теңдігі желінің әртүрлі жұмыс тәртібі үшін келесі формула бойынша тексеріледі:

$$Q_{м} = \frac{2,28 \cdot 302}{100} \cdot 3,6 = 1,9 \text{ л/сек.},$$

$$Q_{ш} = 0 \text{ л/сек.},$$

- максималды су тұтыну үшін:с

$$Q_{н.сП} = \Sigma q_a + Q_{ш} - Q_{м}, \quad (23)$$

$$4,2 = 6,11 + 0 - 1,9 = 4,2 \text{ л/сек.},$$

$$Q_{н.ст П} = \frac{5 \cdot 302}{100} \cdot 3,6 = 4,2 \text{ л/сек.},$$

мұндағы  $Q_{н.сП}$ ,  $Q_{м}$ ,  $Q_{ш}$  - сәйкесінше сол сағаттағы II көтеру сорап станциясының, арынды су мұнарасының берілісі және шоғырланған су шығыны; Максималды су тұтыну кезіндегі өрт өшіру жағдайы үшін:

$$\Sigma q_{өрт} + Q_{нст П} = \Sigma q_a + Q_{ш} + \Sigma q_{өрт}, - Q_{м}, \quad (24)$$

$$7,5+4,2=6,11+0+7,5-1,9= 11,7 \text{ л/сек.},$$

мұндағы  $q_{\text{өрт}}$  – өрттің есептік саны кезіндегі өртке қарсы су шығыны, л/с.  
Арынды су мұнарасы багіне максималды транзит сағаты үшін:

$$Q_{\text{н.с II}} = \Sigma q_a + Q_{\text{ш}} + Q_{\text{м}}, \quad (25)$$

$$4,2=2,23 + 1,9=4,2 \text{ л/сек.},$$

$$Q_{\text{н.с II}} = \frac{302}{100} \cdot 3,65=4,2 \text{ л/сек.},$$

$$Q_{\text{м}} = \frac{2,35}{302} \cdot 3,6=1,97 \text{ л/сек.},$$


$$Q_{\text{ш}}=0 \text{ л/сек.}$$

Әр есептік жағдай үшін гидравликалық есеп жүргізу үшін жеке желі сұлбасы құрылып, оған түйіндік шығындар, желі бөлігіндегі шығындар, II көтеру сорап станциясының, мұнара багінің және шоғырланған шығындар бағытымен, санымен көрсетіледі.

### 1.4.3 Су шығының алдын ала бөлу

Желі сұлбасында әр су өткізуші желі бойынша су қозғалысын бағытын стрелкамен көрсете отырып, ағынды алдын ала таратуды жүргізеді. Бұл кезде түйінге келген шығындардың мөлшері осы түйіннен шығатын шығынмен түйін шығын қосындысына тең болатынын (Киргоф заңын) ескеру қажет.

Ағысты алдын ала тарату желі жұмысының барлық жағдайына жүргізіледі [5].



2- сурет – Максималды су тұтыну сағаты үшін





жағдайға. Содан кейін желінің апаттық жағдайына тексерілу жүргізіледі. Бұл жағдайда бір желі жұмыстан шыққан кезде екінші желі шығынның 70 пайызын өткізе алу қажет. Және де осы шығынды қалыпты жағдайға есептелген желі диаметрі өткізе алу қажет болады. Бұл жағдайда су ағысының жылдамдығы және арынның жоғалуы артады.

Су өткізгіштер II көтеру сорап станциясын су өткізуші желімен жалғастырады және кем дегенде екіден кем болмау қажет.

Кесте 4 – Су өткізгіштер есебі

Су өткізгіш	Жұмыс тәртібі	Q, л/с	0.5Q	0.7Q	l, м	d, мм	v, м/с	1000i	h, м
II көтеру сорап станциясының арынды су өткізгіштері	Макс. су тұтыну	4,21	2,105	2,247	305	63	1,01	26,6	8,1
	Макс. транзит	4,2	2,1	2,94	305	63	1,01	26,6	8,113
	Макс. су тұтыну + өрт	11,71	5,85	8,197	305	63	2,84	166,5	50,8
II көтеру сорап станциясының сору су өткізгіштері	Макс. су тұтыну	4,21	2,105	2,247	30	63	1,01	26,6	0,8
	Макс. транзит	4,2	2,1	2,94	30	63	1,01	26,6	0,8
	Макс. су тұтыну + өрт	11,71	5,85	8,197	30	63	2,84	166,5	4,99
Мұнара су өткізгіштері	Макс. су тұтыну	1,9	0,95	1,33	70	63	0,46	6,52	0,56
	Макс. транзит	1,97	0,985	1,38	70	63	0,48	7,14	0,5

### 1.5.2 Желінің сын нүкелеріндегі еркін арындарды анықтау және пьезометрлік желілер сызығын тұрғызу

Пьезометрлік желілер графигін тұрғызу үшін сын нүктесін анықтау қажет. Сын нүктесі дегеніміз негізгі су берушіден (II көтеру сорап станциясынан) судың жүру бағыты бойынша ең алыс және жер рельефі бойынша ең биік орналасқан нүкте болады.

Бұл нүктенің геодезиялық белгісіне қажетті еркін арынды қосамыз.

$$H_{\text{каж.ерк}} = 10 + 4(n-1), \text{ м}, \quad (26)$$

мұндағы  $n$  – қабат саны;

$$H_{\text{требсв}} = 10 + 4(1-1) = 10 \text{ м},$$

мұндағы 10 – желінің қалыпты жұмыс жағдайы үшін бір қабатты құрылыс үшін еркін арын, м;

4 – әр келесі қабат үшін арын, м.

Апаттық жағдайда немесе желіде өрт болған жағдайда қажетті еркін арын 10 м тең қабылданады.

Пьезометрлік желілер графигі сораптармен пайда болатын қажетті толық арынды нақтылауға және желінің кез келген нүктесіндегі еркін арынды анықтауға мүмкіндік береді.

Пьезометрлік желілерді максималды су тұтыну сағаты үшін тұрғызудан бастайды. Сын нүктесінің жер беті белгісіне қажетті еркін арынды қосу арқылы.

Түйіндердегі пьезометрлік белгілер сын нүктесінің пьезометрлік белгісіне келесі учаскедегі арын жоғалу (су қозғалысының бағыты пьезометрлік белгіні анықтау бағытымен сәйкес келмесе) қосу арқылы (егер сәйкес келсе) алу арқылы анықталады:

$$P_{i+1} = P_i \pm h_{i+1}, \quad (27)$$

мұндағы  $P_{i+1}$  – ізделініп отырған  $(i+1)$  нүктедегі пьезометрлік белгі;  
 $P_i$  – белгілі  $(i)$  нүктесіндегі пьезометрлік белгі (белгісі анықталып қойған сын немесе басқа нүктедегі);

$h_i, h_{i+1}$  –  $i, i+1$  үлескеденгі арынның жоғалуы;

Желінің кез келген нүктесіндегі еркін арын келесі формула бойынша анықталады:

$$H_{св.i} = P_i - Z_i, \quad (28)$$

мұндағы  $Z_i$  – желінің  $i$ - нүктесіндегі геодезиялық белгісі.

Пьезометрлік белгілер және еркін арындар әр есептік жағдай үшін түйін нүктелерге, арынды су мұнарасына және  $P$  көтеру сорап станциясына анықталады.

Есептеу кесте түрінде жүргізіледі (кесте А.7, А.8) немесе бірден пьезометрлік желілер графигінде есептеледі.

Шаруашылық-ауыз су құбыр желісінде немесе өртке қарсы желісімен біріктірілген желілер үшін 60 м су бағанынан аспау қажет.

Егер кез келген түйінде еркін арын қажетті арыннан аз болса, онда басынан сын нүктесі дұрыс таңдалмағанды білідіреді. Ол үшін сол жолда арын төмен болған жаңа сын нүктесі таңдалады.

Судың максималды транзит сағаты үшін, мұнара желінің соңында орналасқан жағдай үшін пьезометрлік желі сызығын тұрғызу жүргізіледі. Бұл жағдайда пьезометрлік желілерді тұрғызу арынды су мұнара бағіндегі судың максималды деңгейінен басталады.

Максималды су тұтыну + өрт сағаты жағдайы үшін пьезометрлік желі сызығын тұрғызу сын жолында орналасқан өрт болады деп белгіленген нүктеден басталады. Осы нүктеде төменгі қысым желісін жобалау шарты бойынша 10 метр су бағанына тең еркін арын салынады.

Жұмыстың бұл сатысында есептеу жүргізілген желінің әр жұмыс жағдайына пьезометрлік желілер сызығын тұрғызу қажет.

Жүргізілген гидравликалық есептеу және тұрғызылған пьезометрлік желілер нәтижесі бойынша арынды су мұнарасы дінгегінің биіктігін  $H_{дінг.,мұн}$  және үш есептік жағдай үшін II көтеру сорап станциясының арындары анықталады.

Арынды мұнара желінің соңында орналасқан сұлба үшін жоғарыда атап айтылған шамалар келесі формуламен анықталады:

$$H_{дінг.,мұн}^{дінг.} = H_{ер}^{каж.} + \sum h_{с.н.-М.Б.} - (Z_{М.Б.} - Z_{с.н.}), \text{ м}, \quad (29)$$

мұндағы  $\sum h_{с.н.-М.Б.}$  – сын нүктесінен арынды су мұнарасына дейінгі аралықтағы арын жоғалулардың қосындысы;

$Z_{М.Б.}$  – арынды су мұнарасы орналасқан жердің геодезиялық белгісі.

$Z_{с.н.}$  – сын нүктесінің геодезиялық белгісі

$$H_{дінг.,мұн}^{дінг.} = 10 + 0,212 - 0,1 = 10,112 \text{ м},$$

$$H_{н.ст. II п.}^{м.в.} = H_{ер}^{каж.} + \sum h_c + \sum h_{ар} + \sum h_{сру} + (Z_{с.н} - Z_{ТСР}), \text{ м}, \quad (30)$$

мұндағы  $\sum h_c$  – сын нүктесінен II көтеру сорап станциясына дейінгі желі бөліктеріндегі арын жоғалулардың қосындысы, м

$\sum h_{ар}$  – II көтеру сорап станциясының арынды су өткізгіштеріндегі арын жоғалулар қосындысы:

$$\sum h_{нап} = 1,1 \text{ ил, м}$$

$\sum h_{сру}$  – сору құбырындағы арынның жоғалуы:

$$\sum h_{сру} = il + \sum \zeta \frac{g^2}{2q}, \text{ м},$$

мұндағы  $l$  – арынды су өткізгіш желілер ұзындығы, м

$i$  – гидравликалық ылдилық;

$$H_{н.ст. II п.}^{м.в.} = 10 + 10,21 + 8,1 + 0,85 + 4 = 29,16 \text{ м}.$$

Максималды транзит сағатында.

$$H_{н.ст. II п.}^{м.тр.} = H_{ер}^{каж.} + H_{м.б} + \sum h_c + \sum h_{ар} + \sum h_{сру} + (Z_{с.н} - Z_{ТСР}), \text{ м}, \quad (31)$$

мұндағы  $H_{м.б.}$  – толық көлем ескерілген арынды су мұнара багінің биіктігі, м.

$$H_{н.ст. II п.}^{м.тр.} = 10,112 + 3,6 + 0,402 + 10,55 + 8,1 + 0,85 + 4 = 37,6 \text{ м}.$$

Максималды су тұтыну+өрт жағдайы үшін:

$$H_{н.ст. II. II.}^{орт} = H_{B.B.}^{ортM} + \sum h_{ортc} + \sum h_{ортap} + \sum h_{ортcpy.} + (Z_{орт} - Z_{TCP}), \text{ м}, \quad (32)$$

$$H_{н.ст. II. II.}^{орт} = 10 + 12,2 + 50,8 + 5,4 + 4 = 82,4 \text{ м},$$

мұндағы  $H_{M.B.}^{орт}$  – өрт өшіру кезіндегі еркін арын, 10 метр су бағаны;

$\sum h_{ортc}$ ,  $\sum h_{ортap}$ ,  $\sum h_{ортcpy.}$  – максималды су тұтыну кезіндегі шамалар тек қосымша өрт шығынын өткізу ескерілген, м;

Сонымен қатар қосымша толық арынды немесе судың толық көтерілу биіктігін анықтау үшін барлық жағдайлар үшін сорап станциясының ішіндегі арынның жоғалуын (1-2 м) ескеру қажет.

## 1.6 II көтеру сорап станциясы

I Шаруашылық ауыз-су сораптары

II көтеру сорап станциясы 23 сағат бойы 4,34 % бірқалыпты жұмыс жасайды:

$$Q_{н.ст. II} = \frac{100\%}{23} = 4,34 \%,$$

Судың өтіміне  $Q = 15,10 \text{ м}^3/\text{сағ}$ , және арынға  $H = 29,16 \text{ м}$  байланысты орнатуға маркасы К 65-50-160 екі (2) сорап қабылдаймыз (1 жұмысшы, 1 қордағы).

II Өртке қарсы сораптар

Сораптың берілісі максималды сағаттық су тұтынуды (4,2л/с) және бір уақытта өртке қарсы шығынын – 7,5л/с бере алу қажет.

Сораптың қажетті берілісі:  $Q = 42,12 \text{ м}^3/\text{сағ}$ , және арын  $H = 82,4 \text{ м}$  Орнатуға маркасы К 80 -50-200 сорап қабылдаймыз.

## 1.7 Су алу ғимараттары

### 1.7.1 Су алу ғимараттарының есебі

Су алу ғимараттарын есептеу және жобалау 5 және 6 -кестеде берілген мәліметтерге сәйкес жүргізілді.



Кесте 5 – Ұңғыманың гидрогеологиялық мәліметтері

№ скважин	Н статикалық, м	Г/Г ұңғыма параметрі, есепке алу карточкасы мәліметтері бойынша				Г/Г ұңғыма параметрі, пайдалануға ұсынылатын			
		тереңдігі, м	Q, л/с	S, м	H дин, м	тереңдігі, м	Q, л/с	S, м	H дин, м
1	6,0	56,0	4,0	12,0	18,0	50,0	3,0	12,0	18,0


Кесте 6 – Ұңғыманың геологиялық кескіні (қимасы)

Жыныстардың орналасу аралығы		Жыныс сипаттамасы	Геологиялық жасы
ден	дейін		
0,0	1,5-2,0	Тығыз саздақ, ұсақ таспен құм	Q <sub>1v</sub>
1,5-2,0	3,0-5,0	Ірі құм және ұсақ тас	C <sub>1-3</sub>
3,0-5,0	50,0	Өртүрлі түйіршікті, майда түйіршікті құмдақ	C <sub>2-3</sub>

Химиялық құрамы бойынша жер асты сулары санитарлық ережелермен мөлшерлер талабына сай келеді.

ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 п. 5.13 сәйкес, егер пайдаланылатын ұңғымалар саны 1 ден 4 ке дейінгі аралықта болса, қордағы (резервтегі) бір ұңғыма құрылысын қарастыру қажет.

Максималды тәуліктік су тұтынуға сәйкес жобада бір жұмысшы және бір резервтегі ұңғыма қабылдаймыз. Су алу ұңғымаларындағы сорап станциялары батырылған ЭЦВ 6-10-80 сораптарымен суды шаруашылық-ауыз су жүйесі үшін беруге арналған. Бұл сораптар желелірдің гидравликалық есептеу және ұңғыма дебиті негізінде (сурет 5) қабылданған.



5-сурет – Су өткізгіштердің гидравликалық есеп сұлбасы

Су алу ұңғымасының сызбалары ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 талаптарына және типтік жоба 901-02-142.85 «ЭЦВ сораптарымен су алу ұңғымаларындағы жер беті типті сорап станциялары» негізінде жасалған.

Есептеу максималды тәуліктік су тұтыну кезіндегі орташа сағаттық шығынға жүргізілген (ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 п.4.9).

Апат жағдайында бір су өткізгішке түсетін жүктеме шығынның 70 % құрайды.

Нұсқа 1 - Бір су өткізгішке шығынның 50 % құрайды. Нұсқа 2- Бір су өткізгішке шығынның 70 % құрайды.

### **1.7.2 Ұңғыма қондырғысы**

Су алу станциясы қондырғыларына: батырылған сорап, ұңғыма аузының бітелген баулығы, бекіткіш арматурасы бар құбыр (кері клапан, вавнтуз), су өлшегіш, сорап агрегатын басқару станциясы.

Жалпы ұңғымаларда сораптар судың динамикалық деңгейінен төмен орнатылады.

ҚР Құрылыс мөлшер және ережелеріне сәйкес (ҚР ЕЖ 1.03-106-2012) 5.6 пункт бойынша су дебитін, деңгейін өлшеу және су сынамасын алу мүмкіндігі қаралу керек. Ұңғымадағы су деңгейін мерзімді өлшеу үшін жылжымалы деңгей өлшеуіш қолданылады. Жер асты камерасын су басқан жағдайда суды шығару үшін маркасы Р.1,6-20 поршенді сорап қолданылады.

Жалпы ереже бойынша пайдаланылатын ұңғымалардың аузы жер беті павильонында немесе жер асты камерада орнатылу қажет. Жер беті павильонының және жер асты камерасының биіктігін 2,4 м ден аз қабылдамау керек.

Құбырдың пайдаланылатын бағанының жоғарғы бөлігі еденнен кем дегенде 0,5 метрге шығып тұру қажет.

Ұңғыма баулығының құрылымы құбыр аралығындағы және құбыр артындағы кеңістіктерге жер беті суының және ластаушылардың түсуін болдырмайтын толық герметизацияны (тұмшалауды) қамтамасыз ету қажет. Сол үшін ұңғыма аузының маңайын өлшемдері 1,0 x 1,0 x 0,5 м. жастықпен бетондаймыз.

Құрылыс мөлшер және ережелеріне сәйкес (ҚР ЕЖ 1.03-106-2012) 13.9 пункт бойынша жер астынан су алу ғимараттарында әр ұңғымадан берілетін су шығынын өлшеуді қарастыру керек.

Су өлшегіш сорап қондырғысының өнімділігіне байланысты есептеледі.

Су өлшегіштегі (есептегіштегі) арынның (қысмының) жоғалуы ҚР ЕЖ 1.03-106-2012 «Ішкі су құбыры және канализация» 5.15 пункті бойынша төмендегі формуламен анықталады:

$$h = Sq^2, \quad (33)$$

мұндағы  $S$  – су есептегіштің гидравликалық кедергісі,  $m/(л/с)^2$ ;

$q$  - судың есептік секундтық шығыны, л/с.

Қанатты су өлшеуіштер үшін арынның жоғалуы 2,5 метрден, ал турбинді су өлшеуіштер үшін 5,0 метрден жоғары болмау керек.

Біздің жағдайымызда сорап станцияларында ұңғымаларда маркасы ВСКМ-40 су есептегіштері орнатылған.

Сонымен қатар су сапасына талдау жүргізу мақсатында ұңғыма үстіндегі камерада ысырма және негізгі құбырда біріктіргіш бастиек қарастырылған.

### **1.7.3 Суды зарарсыздандыру**

Су көзінен берілетін суды зарарсыздандыру екінші көтеру сорап станциясында орналасқан бактерицидтік қондырғылар көмегімен жүргізіледі.

Зарарсыздандырылатын судың мөлшері 22,0 м<sup>3</sup>/сағатты құрайды.

Зарарсыздандыру қондырғысы ретінде үш (3 жұмысшы және 1 қордағы) УУФОВ-10 қондырғысы қабылданған.

Ультракүлгін сәулелену - үнемді және ең экологиялық суды зарарсыздандырудың қауіпсіз әдісі, ол бүкіл әлемде кең таралуда және судың химиялық құрамының, рН-ының, температурасының, түсінің және дәмінің өзгеруіне әкелмейді, улы өнімдердің пайда болу мүмкіндігін жоққа шығарады, төмен қуатты қажет етеді, орнату және техникалық қызмет көрсетудің қарапайымдылығы және судың лезде залалсыздануы. Қондырғылар үнемді, оңай жұмыс істейді, процесте оңай қосылады және өшіріледі.

Қондырғылар рамада тігінен бірінің жанына бірі орналастырылады.

### **1.7.4 Барланатын пайдаланылатын ұңғыманы бұрғылау**

Жаңа пайдаланылатын ұңғымаларды бұрғылау құрылымы және тәсілі қолданыстағы пайдаланылмайтын барлау ұңғымаларының геологиялық кимасына қатысты қабылданған.

Белсенді жарылу аймағының таралуын ескере отырып, ұсынылатын бұрғылау тереңдігі 50,0 метр қабылданған.

Суға айдаланылатын ұңғымалар құрылымы келесі талаптарға жауап беру қажет:

1) сүзілу аймақтарының минималды кедергісінде пайдалану мақсатында су ұстаушы қабаттарды сапалы сынамалау және ашу;

2) су ұстаушы қабаттарды жер бетінен сенімді оқшаулау;

3) ғимараттың қарапайымдылығы және құнының төмендігі.

Ұңғыманы бұрғылау екі сатыда жүргізіледі:

1 3-5 метрге дейін орналасқан үгілген жыныстар аралығы айналмалы-механикалық тәсілмен техникалық ерітіндімен жуа отырылып, үздіксіз кенжармен жүргізіледі. Бұрғылау диаметрі 190 мм.

Көрсетілген аралықтар диаметрі 146 мм қаптама құбырмен (кондуктормен) бекітілетін болады. Одан ары 50 метр тереңдікке бұрғылау жартасты жыныстар бойынша диаметрі 130 мм соққылы-айналмалы (пневмосоққылы) тәсілмен ауаны үрлеу арқылы жүргізіледі. Бұрғылау үрдісі кезінде алдын ала жыныстың сумолдылығымен бағаланады. Бұрғылау аяқталғанан кейін диаметрі 146 мм қаптама құбырлар ұңғымадан шығарылады.

2 Көрсетілген ұңғымалар пайдаланылатын диаметрмен кеңейтіледі.

Ұңғыма құрастырылымына (конструкциясына) келесі элементтер кіреді:

- кондуктор (бағыттаушы) уақытша бұрғылау кезінде ұңғыма қабырғаларын бекіту үшін. Құрылыс мөлшер және ережелерге сәйкес қабырғаларды уақытша бекітуге арналған колонналар (бағаналар) бұрғылаудан кейін шығарылу қажет.

- пайдаланылатын баған (колонна);

- сүзгі.

Пайдаланылатын баған ұңғыма діңінің бекітілуін және онда суды көтеруге арналған сорапты орнатады.

Пайдаланылатын ұңғымаларда үгітілген жыныстардың орналасу аралығы (3-5 м тереңдікке дейін) айналмалы-механикалық тәсілмен техникалық ерітіндімен жуа отырылып, үздіксіз кенжармен кеңейту жүргізіледі. Кеңейтілу диаметрі 394 мм. Кеңейту РД-394 МГ типті қашаумен жүргізіледі.

Көрсетілген аралықтар диаметрі 324 мм қаптама құбырмен (кондуктормен) бекітіледі.

Одан ары жартасты жыныстар орналасқан аралық сораптарды орнату тереңдігіне дейін (35-40 м) айналмалы-механикалық тәсілмен техникалық ерітіндімен жуа отырылып, кеңейтіледі. Кеңейтілу диаметрі 269 мм, ОМ 269 ТК типті қашаумен 40,0 м тереңдікке жүргізіледі.

Бұрғыланған аралық 0,0 м-ден 40 м-ге дейін барлық 3 ұңғымада диаметрі 168 мм фильтрлік колонна құбырымен бекітіледі.

Сүзгінің тесілген бөлігі 20-40 метр аралығында орнатылады.

Ұңғыманың пайдаланылу мүмкіндігіне байланысты ұңғыма үшін сораптардың оңтайлы орналасу тереңдігі 35-40 метр болып табылады.

Барлау-пайдалану ұңғымасының геологиялық-техникалық қимасы 7-кестеде берілген.

Кесте 7 – Барлау-пайдалану ұңғымасының геолгиялық-техникалық қимасы

Литология сипаттамасы	Қабат төселу аралығы		Бұрғылау тәсілі	Бұрғылау диаметрі, мм	Бекіту диаметрі, мм	Кеңейту тісілі	Кеңейту диаметрі, мм	Кеңейту кезіндегі бекіту диаметрі	Жыныстың бұрғылану категориясы	Бұрғылау көлемі, п.м.	Кеңейту көлемі, м
	ден	дейін									
Ұсақтасты құм	0,0	1,5	Айналмалы-механикалық	190	146	Айналмалы-механикалық	394	324 168	111	1,5	1,5
Ұсақ тас	1,5	3,0							V		
Майда түйіршікті құмдақ	3,0	50,0	Соққылы-айналмалы	130	нет	Айналмалы-механикалық	269	168 мм 40,0 метр тереңдікке дейін	V111	47,0	37,0

Төменде барлау-пайдалану ұңғымасын бұрғылау көлемі бір ұңғыма бойынша келтірілген:

Айналмалы-механикалық бұрғылау – d 190 мм III категория бойынша-1,5 м V категория – 1,5 м ;

Соққылы-айналмалы бұрғылау – d 130 мм VIII категория бойынша – 47,0 м

Бекіту/шығару: d146 мм келесі аралықта: 0- 3,0 м - 3,0 м

Айналмалы-механикалық кеңейту:(2 диаметрден кейін және одан артық): d 394 мм III категория бойынша-1,5 м V категория -1,5 м d 269 мм VIII категория бойынша - 37,0 м .

Бекіту/шығару (кондуктор) келесі аралықта - 0,0-3,0 м d 324 мм – 3,0 м .

Фильтрлік колоннамен бекіту d 168 мм келесі аралықта: +0,5-40,0 м -40,0 м

Соның ішінде: тұтас құбыр – 20,5 м;

Тесікті құбыр – 20,0 м.

Ұңғымада судың статикалық деңгейі 6,0 метр тереңдікте орналасқан. Жер асты сулары қорын бағалауға дейін ұңғыманың жобалық пайдаланылатын дебиті, динамикалық деңгей 18 метр тереңдікте болғанда 3,0 л/с құрайды.

Батырмалы сораптың орнатылу тереңдігі – 35-40 м.



### 1.7.5 Су өткізуші желіні бөлшектеу (деталировка)

Бөлшектеу – желіге арматураны, фасонд бөлшектерді, су өткізуші құдықтарды және басқа да бөлшектерді таңдау және орналастыру. Ол гидравликалық есептеулер жүргізіліп, желі профилі салынғаннан кейін орындалады.

Бөлшектеу жұмысшы сызбада желінің жеке түйіндері құрастырылатын арматура және фасондық бөлшектер шартты белгілермен көрсетіле отырып орындалады.

